



*Аудандық кітапхана бөлек  
гимаратта орналасқан. Көлемі  
751,1 кв.м.*

Аудан орталығындағы кітапхананың құрылғанына да 90 жылдай уақыт болған екен. Бұл айтуға ғана жеңіл нәрсе, тоқсан жыл бойы бақ дарып, құт қонған кітапхана тар жол тайғақ кешулерден өткендігіне тарих қуә.

Аудан орталығындағы кітапхананың тарихы сонау 1920 –ші жылдардан бастау алады.

**1920 жылдары** Ілбішінде қызыл әскерлер горнизонының Чапаев атындағы клубы ашылды. Клубта алғашқы кітапхана, оқу бөлімі, үйірме үйымдастырылды. Тұрғындар рухани құндылықтармен оқу бөлмелерінде отырып ой бөлісті, сауат ашып, бас қосып демалыс орны ретінде пайдаланды. 1-май мейрамын осы клубта алғаш рет барынша мазмұнды атап өтті. Осы күні В.И.Чапаевты ұмытпай еске алыш отыруға жиналған әскерлер ант берді. Соңан бері бұл клубта әрбір мейрамдарда спектакль және концерт көрүмен демалыс уақыттарын пайдаланды.

**1948** Қаз ССР-нің министрлік советінің 1948 жылдың 14 маусымындағы № 515 шешімі негізінде шалғайдағы елді мекендердегі мал шаруашылығына «Красная юрта» үйымдастыру жұмыстары қолға алышп осы жұмысқа менгеруші қызметіне **Джумашева Ишан** тағайындалды.

1948 жылы 1 қазан айынан бастап «Оқырман үйі» менгерушісі болып **Ерғалиев Бисенбай** тағайындалды.(бұйрық №8, 1.10.1948ж.)

Осы кезде аудандық кітапхананың кітапханашысы қызметінде **М.Сатқанова** қызмет етті.

1949 жылы кітапхана саласында штаттық кестеге қосымша енгізіп **Ұ.Сагеденова, З.П.Карташова, Ш.Таспаев** кітапханашы қызметіне алынды.

1949 жылы 16 тамыз айынан бастап аудандық кітапхананың бөлім менгерушісі болып **В.Д.Иванаева** қызмет атқарған.(бұйрық №9, 16.08.49)

1950 жылы 31 қаңтар айынан бастап аудандық кітапхананың менгерушісі болып **Хадиша Нысамбаева** қызмет атқарған. (бұйрық №4, 1 ақпан)

1950 жылдың аудандық кітапхананың «Оқырман үйі» кітапханашысы болып **Асия Құрмашева** тағайындалды.(бұйрық №30,пр.3.1950жс.15.07.)

**1949-1950** жылдарда аудан ішінде бұрын-соңды болмаған- аудан оқушылары арасында ГТО, БГТО белгілеріне тапсыру болды. Соған байланысты мектеп, кітапхана ,мәдениет саласында да тұнғыш рет спорттық мейрам, денсаулық күндері өтті. Ел қорғауға, еңбекке үндеген қозғалыс дәстүрлі шара, жасөспірімдерді отансуýгіштік, коммунистік рухта тәрбиелеуде маңызы зор жұмыс әліде жалғасуда.

**1951жылы** 15 маусымнан бастап «Оқырман үйі» кітапханашысы болып **Х.Мустафина** тағайындалды.(бұйрық №9, 15.06.51.)

1951 жылдың аудандық кітапхананың менгерушісі болып **А.Халирова**

( 1951.11.бұйрық №2) тағайындалды.

**1952 жылдың** менгеруші қызметінде **Белая Фира Наумовна** (1952.01.03 бұйрық №4,) болды.

1952 жылдың менгеруші қызметінде **Тухто Зинаида Ивановна** тағайындалды.(1952.30.08.бұйрық №3)

**1954 жылдың** менгеруші қызметінде **Пудикова Клавдия**

істеді.(1954.05.10.бұйрық №90.пр.1)

1954 жылдың - ауданымызда тың игеру, мал шаруашылығын өркендету жөнінде социалистік жарыс құлашын кеңге жайған жыл болды. Осындай елдегі жаңалық жаршысы кітапханашының да енбегі елеулі.

Мыс: осы жылдарда кітапханада , мекемелерге, дала қостарына апарып енбеккерлердің социалистік міндеттемелерін, көрсеткіштерін көрсетіп жарқағаздарын ұйымдастырды. Кітапханашылар жасөспірімдерді еңбекке тәрбиелеу мақсатымен, еңбектегі ерлік істер туралы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық өндірістеріндегі озат тәжірибелерді баяндайтын кітаптарды кеңінен насиҳаттады.

**1956 жылдың** аудандық кітапхананың автоклуб кітапханашысы болып **Ружейникова** (бұйрық №66,пр.1.1956жыл) жасаған.

**1957 жылдың** менгеруші қызметінде **Г.А.Хван , Ульянова Валентина** тағайындалды. (1957.06.03.бұйрық №22,пр.2; бұйрық №30,пр.3 1.04 1957жс.)

**1959 жылдың** аудандық кітапхана менгерушісі **Л.П.Арсентьев**, оқырман залының менгерушісі **В.К.Полозов**, кітапханашы **Г.Н.Сидоркина** қызмет атқарған.( мәдениет белімі 20.05.1959ж бұйрық №91).

1960 жылдардан Чапаев аудандық кітапханасы болып, жұмысын жалғастырды. Кітапхана сол кездерден – ақ түрғындарды, жасөспірімдерді

отан сүйгіштікке тәрбиелеу бағытында, аудандағы музей, мектептермен бірлесе отырып өлкетану жұмыстарын жандандыруға мән берді.



В.И.Чапаевтың жауынгерлік жолдары осы ауылдың тарихымен байланысты екені баршаға аян.

Он жылдар бұл тарихты

артқа тастағанмен жер үшін қанын төккен жерлестерді еске алып, өз өлкесін мақтаныш тұтып өткені мен қазіргісін білгісі келетін оқырмандар үшін аудандық кітапхана үжымы «Были седого Урала», «Легендарный Чапай», «Литература о родном крае» кітап көрмелері көрнекі насиҳаттар жұмыстарымен қатар

«Что читать о крае» картотекасы,  
 «В любленые в свой край» жар плакат  
 «Летопись Чапаевского района», «Сыны революций» альбомдар ұйымдастырылды.

Кітапханашылар Жұмағалиева А. Лаптева Т.



әдеби кештері оздырылып отырды.  
 Д.Фурмановтың «Чапаев» кітабына  
 әлденеше рет талқылау кештері өтсе,  
 жерлес жазушы

Хамза Есенжановтың «Яик светлая река» трилогиясына оқырман конференциясы, жерлес жазушы

Н.Корсуновтың кітаптарына да талқылау шаралары мен қатар жазушымен кездесу кештері өтті. Сол кездерде 2800 – дей оқырманның 530 оқырманы тұрақты өлкетану бағытында оқырмандар болып

оқырмандарды әрдәйім өз өлкесінің тарихын әдеби байлықтарын таныстыруда әртүрлі көшпілік шаралар: кездесу кештері, ауызша журнал, оқырман конференциялары,



есептелінді.

**1963 жылы** аудандық кітапхананың менгерушісі болып **Урсатьева Галина Филиповна, В.А.Полозова, А.Сапарғалиева** қызмет атқарды.(бұйрық №16,пр.2,3,4,1963ж)

1963 жылы аудандық кітапхананың менгерушісі болып **А.Джумағалиева** қызмет атқарды.( бұйрық № 69,пр.1.27.09.1963ж)

1965 аудандық кітапхананың оқырман залының менгерушісі болып **М.Елегенова** қызмет атқарған. (бұйрық №54,пр.6.1965.02.08.)

1967 жылы аудандық кітапхананың оқырман залының менгерушісі болып **А.Садикова** отқарған.(бұйрық №54.пр.6.16.09.1967)

### 1967 жылдың

9 тамызындағы «Дорогами славы отцов» бірінші республикалық слеттің ашылу салтанатына артлерия маршалы В.И.Казаков, генерал майор Жексембаев, А.В.Чапаев (ұлы)қатысып, осы уақыттарда В.И.Чапаевтың Д.Фурмановтың қыздарының келуіне орай жастармен кітапхана оқырмандарымен, азамат соғысының ардагерлері,



Торжественное собрание, посвящённое открытию 1-го республиканского слёта „Дорогами славы отцов“ – 9-го августа 1967 года.  
(В центре маршал Артиллерии В.И. Казаков и Ал. В. Чапаев. К 50-летию освобождения Уральска в Чапаево приезжали А. В. Чапаева и Д. Фурманова, которые встречались с молодыми читателями библиотеки.)



жергілікті тұрғындар Кинеев, Нефировпен кездесу кештері үйымдастырылды.

1960-1970 жылдар аралығында Чапаев аудандық кітапханасында кітап қоры 9495 данадан, 18319 данаға көбейді. Оқырманы 1300 – ден 2800 – ге өсті. Кітап берілімі 21500 – ден 47600 – ге жетті.

1970 жылы ҚазССР-нің 50 жылдығына орай Орал облыстық Н.К.Крупской атындағы кітапханада және Чапаев аудандық кітапханада өлкетану бағытында «Формы и методы пропаганды краеведческой литературы» ғылыми тәжірибелік конференция өтті.

Конференция аясында саяси қоғамдық әдебиеттерді талдау жұмыстарынан төмендегідей көрсеткіштерді көруге болады:

- тұрақты 2800 оқырманның ішінде 1021 оқырман саяси бағытта оқуға құштар оқырман;

47600 кітап берілімінің 19652 данасы,

- 18904 дана кітап қорының 5670 данасы саяси қоғамдық әдебиеттер.



**1970 жылдары** ҚазССР совет министрінің «О поднятий кормовой базы – основе животноводства в Казахстане» қаулысына орай кітапханада көрнекі насиҳат, көпшілік шаралар оздырылды.

**1970 жылы** аудандық кітапхананың абонемент бөлімінің менгерушісі болып **Г.Тажкуранова** тағайындалды.(бұйрық № 65,пр.2.05.10.1970ж)

**1972 жылы** аудандық кітапхананың әдістемеші болып **Г.Тажкуранова** тағайындалды. (бұйрық № 11,пр.4.01.01.1972ж)

**1972 жылы** аудандық кітапхананың кітапханашысы болып **Т.В.Грудкина** тағайындалды. (бұйрық № 56,пр.4.01.09.1972ж)

**1972 жылы** аудандық кітапхананың оқырман залының менгерушісі **З.В.Черекаева** тағайындалды.(бұйрық № 56,пр.6.01.09.1972)

**1973 жылы** 1 шілде айынан бастап аудандық кітапхананың кітапханашысы болып **В.Плотникова** алынды.(бұйрық № 44,пр.1)

**1974 жылы** 11 шілде айынан бастап аудандық кітапхананың әдістемешісі болып **Ұ.Какимова** тағайындалды. (бұйрық № 48,пр.4)

**1975 жылы** 1 тамыз айынан бастап аудандық кітапхананың кітапханашысы болып **Савенко Людмила Николаевна** тағайындалды. (бұйрық № 41,пр.7)

**1975 жылы** 1 қазан айынан бастап аудандық кітапхананың менгерушісі болып **А.Г.Утешова** тағайындалды.(бұйрық № 53,пр.8)

**1978 жылы** кітапханалар жүйесі орталықтандырылды. Кітапханалар өз жұмысын Мәдениет министрлігі бекіткен «Ережеге» сәйкес жүргізді. Соның ішінде аудандық кітапхана – мемлекеттік, көпшілік кітапханаларының негізгі бір буыны. Белгілі бір әкімшілік – территорияның халқын қамтамасыз ететін орталықтанған кітапхана жүйесі



аудандық кітапхана болып табылады.



Аудандық орталықтан дырылған кітапхана кызыметшілері. Бұл одақтың XIX партия конференциясының материалдарының насыхаттауда слеулі жұмыстар жүргізілді. Мунда аудачының салын хабарламашылары мен штаттандырылған тәсілдерде көпшілік тұлғалар жиі көлемінде тұрады, кітапхана шылар олардан қолдан көлөп көмектесір алған емес.

Кітапхана методисті З. В. Черекаева (суретте) партия конференциясының материалдарының ариналуы бұрынғы безендірүде.

Суреттің түсірген Р. Галымзуллин.

Джекін, 1988



Бұлардың басқа кітапханалардан айырмасы – бір жағынан, аудан орталығындағы халыққа абонемент және оқу залы арқылы қызмет ететін

болса, екінші жағынан, аудандық мәдениет бөліміне кітапхана ісін өз территориясында жолға қоюға үлкен көмегін тигізіп отырады. Сондай -ақ ол аудандағы барлық кітапханалардың методикалық орталығы болып саналады.

Аудандық кітапханалардың қорын толықтырудың негізгі жолдары :

- Облыстық кітапхана коллекторы.
- «Кітап-пошта» жүйесінің дүкендері
- Басқа кітапханалардың ауыспалы резерв қорлары арқылы толықтырылып отырды.

1982жылдың 16 желтоқсанында СССР-дің 60 жылдығына орай өздерінің қызметтеріне адалдығы үшін аудандық балалар кітапханасының кітапханашысы Л.А.Бесхлебная аудандық кітапхана кітапханашылары Утешова А.Г. Гrudкина Т.В. Черекаева З.В Кұрмет грамотасымен марапатталды.



**1984 жылы** аудандық кітапханада жасөспірімдерге

таңдау жолында көмек көрсету мақсатымен

дұрыс мамандық

«Призвание»

қызығушылық клубы ашылды. Клубтың ұраны: «Все работы хороши выберай на вкус», эмблемасы, клубтың әр мүшесі :

- К.Маркстің «Размышление юноши при выборе профессии» кітабын оқып шығу.
- Таңдаған мамандығы бойынша екі кітап оқып шығу.
- Таңдаған мамандығы бойынша сол мекемелерге барып, мамандармен кездесу.



кездесулер ұйымдастырылып отырды, сонымен қатар сол кездегі Чапай қаласында жұмыс істеген «промкомбинат», «быткомбинат», «колбасный цех», «хлебоприемный пункт» сияқты мекемелерге барып, экскурсия жасап мамандармен кездесулер болды. Сонымен қатар бұл мекемелерге

Болашақ мамандығы  
туралы мәліметтер  
жинастыру.

- Клубтың өткізілетін барлық шараларына қатынасу мақсатын қойды. Мүшелерінің алдына қойылған мақсатқа кітапханашы бағыт беріп көмектесін насиҳат жұмыстарын жүргізіп отырды. Айна бір рет жоспар бойынша

кездесулер ұйымдастырылып отырды, сонымен қатар сол кездегі Чапай қаласында жұмыс істеген «промкомбинат», «быткомбинат», «колбасный цех», «хлебоприемный пункт» сияқты мекемелерге барып, экскурсия жасап мамандармен кездесулер болды. Сонымен қатар бұл мекемелерге

кітапханашылар жылжымалы кітап көрмелерін, әдеби кітаптар апарып оқырмандарға шолулар, ақпарат күндер өткізіп тұрды.

**1988 жылы** аудандық кітапхана қызметкерлері Бүкілодақтық XIX партия конференциясының материалдарын насиҳаттауда көптеген шаралар жүргізіп, кітап көрмелерін ұйымдастырып оларды насиҳаттауда нәтижелі үлес қости.(суретте)

Аудандық кітапхана жүйесін орталықтандыру жағдайында шалғайдағы мал отарларында істеп жүрген малшыларға, әсіресе ондағы комсомол-жастар бригадасындағы жас шопандарға қызмет көрсетудің негізгі формасы – көшпелі кітапхана арқылы кітапханалар мен кітап беру пункттерін ашу, олардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету болды. Сол бағытта кітапханада шопан бригадаларымен мал жайылым участкілерінің картасы сзызылып, онда автоклуб маршруттары белгіленіп, сол участкелерді аралап үгіт насиҳат, кітап үлестіру, газет -журнал бетіндегі мақалалармен таныстыру жұмыстарын жүргізіп отырды.КПСС съезінің шешімдері мен КПСС Орталық Комитетінің Пленумдарының қаулы-қараптарында еліміздің қайта құру кезеңінде, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетудегі, экономиканы дамытудағы, халық шаруашылығының әр түрлі салаларындағы мамандарға, нақты көмек көрсетудегі көшілік кітапханаларының информаялық жұмыстарына және адам факторын жетілдірудегі еңбекшілер арасындағы тәрбиелік жұмыстарына зор мән беріліп, алда тұрған міндеттері айқын, ашық көрсетілді.



Осы міндеттерді жүзеге асыруда нақты жолдарының бірі кітапхананың қоры мен каталогтарын кітапханалық-библиографиялық жіктеу таблицаны көшіру болып табылды. Бұл таблицаға кітапханашылар баспасөз шығармаларының білім жүйелері бойынша мазмұнын ашып, оларды ғылдыыми негізделген ретті қатарларымен көрсету арқылы оқырманның кітап қорын пайдалануын барынша женілдету болып табылды.

**1989 жылы** қоғамдық өмірдегі, еңбекті ұйымдастырудың қатынастарды уақыт талабына сай қайта құруға, партия, совет, кәсіподақ, тағы да басқа қоғамдық ұйымдар атсалысты. Ал, осы қайта құруды жүзеге асыратын адамдардың ішкі жан дүниесін, қоғамдық ой-пікірін, өмірге көзқарасын қайта құру кітапхана қызметкерлеріне жүктелді. Осындай орасан зор міндетті жүзеге асыруда кітапханада тұрлі үгіт насиҳат жұмыстар

жүргізілді, кітап көрмелері, көпшілік шаралар ұйымдастырылды. Солардың бірі сол кезде өткен «Ауыл мәдениетіне жаңашырлар көбейсін» семинар-кеңес ұйымдастырылды.

Айта кету керек, бұл ұйымдастырылған кеңесте бұрын айтылмаған сөздер айтылды. Қайта құру, демократия, жариялыштық жағдайындағы адамдардың ұмтылсызы, сілкінісі байқалды. Сонымен қатар осы жылдары жерлесіміз әйгілі жазушы Хамза Есенжановтың тұғанына 80 жыл толу құрметіне кітапханада «Хамза аға- Мақтанышымыз» атты әдеби кеш ұйымдастырылып өткізілді. Қайтпас қайсар талантты жазушының шығармаларын оқыған үзінділерді аса тебірініспен оқырмандар тыңдады.

**1990 жылы** Кітапхана ғана жас оқырманды әдебиет әлеміне жетелейді, жаңа кітаптар туралы айтады, кітапқұмарларды біріктіреді, қатарластарымен сұхбаттасуға шақырады. Алған білімін ұғынып, есте сақтап қалуына және бос уақытын пайдалы өткізуіне көмектеседі. Аудандық кітапхана әрқашанда жастардың демалысын саналы да еркін түрде өткізетін сүйікті орны болған және болып қала бермек. Заманның ағымына сай, өмірге жаңа көзқараспен қарап, жастардың көңілінен шығатын, әсер қалдыратын мәдени іс-шаралар жүргізіліп отырды. Кітапханада жастар арасында белгілі бір тақырыпты талдап, көп ойдың түйінін түйіп, әркім өз ойын ортаға салып, ашық, айқын, айтады. Осы орайда кітапханада жасөспірімдер арасында түрлі қызықты көпшілік шаралар «Дін және жастар» дөңгелек үстел, «Сенің мақсатың тәрбиелі, білімді азамат болу», «Елдің елдігі- асқақ рухты азаматы СЕН!» тақырыптармен пікірталас, тақырыптық кештер ұйымдастырылып тұрды.

**1991 жылы**. Өмірдегі барша құбылыс- уақыттың, мезгілдің билігі мен әміріне тәуелді. Осынау ақиқаттың қисыны, жөнімен алып қарайтын болсақ осы жылдары кітапханада жаңа бір кезеңі ретінде есте қалды. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде шаңырақ көтеруіне қарай қалыптасқан саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдай ықпал ететін, жол ашатын әдебиеттерді насиҳаттап оқырмандар арасында түрлі шаралар өткізіп кітапханада «Заман талабы-халық талабы» атты пікір алмасулар,

тақырыптық кештер ұйымдастырылып отырды. Еліміз Егемендікке жетіп, қоғамда болып жатқан өзгерістердің барлығы кітапханашылар алдына өте көп міндет қойды. Осы кезде аудандық кітапханада насиҳатталған, жүргізілген жұмыстарының бағыты ұлт мәселесі – аса күрделі мәселе болып табылды. Осы бағытта кітапханашылар ұлттың рухани байлығын, тарихын, әдет ғұрпын, дәстүрлерін насиҳаттап кітапханада «Менің елім Қазақстан» атты кітап көрмесін,



сонымен қатар оқырмандарға түрлі тақырыпта қызықты шаралар ,ауылдағы қоғамдық ұйымдармен бірігіп түрлі тақырыптық кештер, кездесулер ұйымдастырып отырды.


**1992-1993** жылдар аралығында аудандық кітапханада өлкетану тақырыбындағы жұмыстар қолға алынып аудандық кітапхананың кітапханашылары оқырмандарға отанға деген сүйіспеншілік, туған ауылның, ауданның тағдырына, өлке, оның тарихы туралы білімді насиҳаттауда түрлі тақырыпта үгіт -насиҳат жұмыстарын жүргізіп отырды.

Оқырмандар арасында соның ішінде жасөспірімдерге өлкенің тарихын, әдебиетін білу мақсатымен «Өз өлкенді білесіңбей?» пікір алmasу, «Өлкеңнің қаламгерлері» бұрыштар ашылып жерлес ақын жазушылардың шығармалары жинақталып, олармен кездесу кештері ұйымдастырылды

**1995 жылы** аудандық кітапханаға бұрынғы балабақша ғимараты беріліп кітапханашылар өздері бөлмелеріне жөндеу жасап қорын көшіріп, жинастырып, оқырмандарға заман талабына сай жұмыстар жүргізіп отырды.

Сол кезде кітапханашылардың жұмыстары оқырмандардың сұраныстарын зерттеп, кітап қорын керекті кітаптармен толтыру болды. Бұл кезде кітапханаға өте аз кітаптар келіп түрді. Осыған орай кітапханашылар оқырмандарын жоғалтпауга тырысып кітапханада түрлі қызықты шаралар ұйымдастырып отырды. 1995 жыл «Ұлы ақын Абай жылы» болып жарияланып аудандық кітапханада осыған орай көптеген мәдени, әдеби шаралар ұйымдастырып «Ұлы Абай» атымен ұсынылатын әдебиеттер тізімін дайындала оқырмандарға таратып отырды. Сонымен қатар кітапханада оқырмандар, жасөспірімдер арасында әдеби кештер, пікір алmasу, әдеби викториналық ойындар өткізді .

**1997 жылы.** «Жалпыұлттық татулық пен саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жарияланып аудандық кітапханада осы жылға арналған түрлі тақырыпта мәдени шаралар ұйымдастырып өткізді. Оқырманнның талабын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту және жоғарғы талғаммен қалыптастыру міндетін іске



асыруда кітапхананың орны ерекше. Әр салада клубтар ұйымдастыру арқылы оқырмандарымыздың білімін ой-өрісін байытуға, рухани көтеріп, қиялына қанат бітіретін әдебиеттермен қауыштырып оларды тәрбиелеуде елеулі жұмыстар жүргізілді. Осы мақсатта аудандық кітапханада тұрақты түрде «Мираж» клубы ашылды. Клубтың алғашқы мәжілісінде басқару мүшелері сайланып, құжаттарын бекітті. Клубтың ережесі, жұмыс жоспары, өткізілген шаралардың есеп журналы. Өзінің ұраны, эмблемасы, жарғысы бар. Аудандық кітапхананың кітапханашысы Қ.Жұбанғалиева жасөспірімдер үшін ұйымдастырған «Мираж» клубының жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі А.Сәрсеков.

**Клуб қағидасы:** «Рухани дәulet- мұраларымыз туралы оқып, біліп, танысамыз»

#### **Мақсаты:**

- Жасөспірімдердің мәдени демалысын ұйымдастыру.
- Мәдени тарихи құндылықтарға ұқыптылықпен қарау.
- Өз-өзін тәрбиелеу, өз бетімен білім алу.
- Тұған ел, тарихи тұлғалар, бабалар жайлары білмекке ынтық жастаңдарды тәрбиелеу.
- Өлкеміздің көнелі тарихында із қалдырған саңлақтар жайлары, ауыл азаматы, жеке адамдар тағдырын барша болмысымен ашу, іздеушісін күтіп жатқан рухани мұраларымыз жайлары сыр шерту.

#### **Міндеттері:**

- Кітапханада өткізілген барлық мәдени шараларға қатынасу.
- Қазақ халқының салт-дәстүріне, тарихына байланысты деректерді оқып білу.
- Аудан тарихына байланысты ақпараттар жинау.
- Елбасының барлық бағдарламаларын оқып, біліп, танысып отыру.

Халық тәрбиесі ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. «Адам ұрпағымен мың жасайды» демекші болашағы бар ел ғана тарих бетіне ұлт болып жазылмақ. Сондай-ақ клуб мүшелерімен өткізілген шаралар әрқашанды мазмұнды, қызықты болып өткізіліп отырды. 1997 жыл «Татулық пен еске алу жылы» болып жарияланды, осыған орай аудандық кітапханада тұрақты кітап көрмесі ұйымдастырылып оқырмандарға түрлі тақырыпта мәдени көшшілік шаралар ұйымдастырылып отырды.



**1998 жылы.** «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» болып жарияланды осыған орай аудандық кітапханада кітапханашылар оқырмандар арасында түрлі тақырыптық кештер ұйымдастырып, жасөспірімдер, жалпы оқырман тобының арасында түрлі үгіт насиҳат жұмыстар жүргізіп отырды. Елбасының 2030 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасында рухани болмыс, білім, ғылым, мәдениет арнасындағы байланыстың мән-мағынасын, сыр-сипатын ашық көрсеткені мәлім.



Бұл ретте «Қазақстан 2030» Стратегиясы тек қазақстандықтардың ғана емес, күллі әлемдік қауымдастықтың да ойынан шыға алды. Осыған орай барлық мәдени мекемелерде, соның ішінде кітапханада оқырмандарға үгіт насиҳат жұмыстары жүргізілді.



міндегінің бірі салауаттылық жолындағы науқанды бастап, дамыту екені белгілі. Салауатты өмір салтын енгізу жөнінде ақпараттық-түсінік жұмыстары бұқаралық тартымды шаралармен жалғасын тауып отырды. «Дені саудың –жаны сау», «Газалық-саулық негізі, саулық – байлық негізі» атты кітапханада пікір

Аудандық кітапханада тұрақты «Қазақстан 2030» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып стратегияның нақты берілген сегіз бағыттары оқырмандарға көрсетіліп, кітапханада ішкі саясат қызметкерлерімен, мекеме басшыларымен, үгітшілермен, жасөспірімдер, жалпы оқырман тобының қатынасуымен түрлі тақырыпта кездесу кештер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып отырды. Сонымен қатар кітапханада тақырыптық картатекалар, қоржындар ұйымдастырылып, оқырмандарға ұсыныс әдебиеттер тізімдері дайындалып таратылып тұрды..


Стратегияда нақты қойған сегіз



алмасу, дөңгелек үстел, кітапханалық акциялар өткізіліп отырды.

**1999 жылы.** Елімізде жариялаған «Ұрпақтар бірлігі мен сабактастырылған жылдар» болды. Қазақ халқының тарихында елін басқыншы жаудан қорғаған қаһарман батырлар, қара қылды қақ жарған әділ билер, көкірегінен сөз бұлағы құйылған шешендер мен жыраулар көп болған. Тарихты терең ұғыну мақсатында кітапханашылар оқырмандар арасында қызықты, тарихи мағынасы бар «Бабалар жолымен» тақырыптық кеш, «Ата .Бала. Немере» пікір алmasу, сонымен қатар кітапханада тұрақты «Ата-баба ұлағаты алтын тұғыр» атты көрме

ұйымдастырылып, осындағы тақырыпта әдеби қонақ жай т.б. көптеген шаралар ұйымдастырылып оқырмандар, жасөспірімдер арасында өткізіліп отырды.



**2000 жыл.** «Мәдениетті қолдау жылына» байланысты ауданымызағы көптеген жабылған мәдени ошақтары ашылды. Аудандық кітапханадағы мамандар ауыл кітапханаларына барып әдістемелік көмектер беріп, жылжымалы шаралар ұйымдастырып отырды. Аудандық кітапханада кең қанатты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырмандарға түрлі тақырыпта мәдениет орталығы қызметкерлерімен біргіп көпшілік шаралар ұйымдастырып отырды. Осы жылы аудандық кітапханада «Кітапханаға кітап сыйладыңық» атты кітапханалық акция ұйымдастырылып кітапхананың оқырмандары, мекеме басшылары, зейнеткерлер, жерлес ақын жазушылар Мыс: жерлес жазушы- Р.Ахметов,сол кездегі аудан әкімі - А.Б.Сәтбаев кітапханаға жеке кітапханаларынан кітап сыйлады.

2000 жылдан бастап кітапхана жұмысында автоматтандыру ісіне байланысты компьютермен жабдықтау басталды осыған орай аудандық кітапхананың кітапханашылары әдейі компьютерлік курстарға барып оқып, сертификат алып жаңа бағытта жұмыс жүргізуге дайындалды.

**2001 жылы.** «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» болып жарияланды. Осы жылдың маңыздылығын Елбасының: «Біз барша жүртшылық пен әрбір адам біздің барлық жетістіктерімізге өзінің тікелей қатыстылығын сезінуіне қол жеткізуге тиіспіз. Бұл жыл біздің жетістіктеріміздің айшықталатын жылы болуы керек.



Әрбір қазақстандық біздің реформаларымыздың нақты жемістерін көре алу керек. Бұл-осы жылға арналған біздің бірлескен жұмыстарымыздың басты бағыты» деген сөздеріне дәлелдеп, аудандық кітапханада тұрақты кең қанатты «Тәуелсіздік бәрінен қымбат, бәрінен ұлы» деп атауымен кітап көрмесі үйымдастырылып оқырмандарға түрлі тақырыптық кештер, дөңгелек үстел, пікір алмасу өткізіліп тұрды.

Қазақстан



Республикасы Президентінің осы жылғы 7 ақпандағы жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», алдымен, мемлекеттік тіл-қазақ тілінің мәртебесін арттыруға бағытталған қам-қарекеті, іс-шара деп түсіндік. Осыған орай аудандық кітапханада оқырмандарға кітапханашылар тіл мәртебесін көтеруге түрлі тақырыпта шаралар үйымдастырылып, жасөспірімдер арасында байқаулар, әдеби сайыстар оздырылып отырды.

**2002 жыл.** «Денсаулық жылы» болып жарияланып, аудандық кітапхананың жұмысы оқырмандарға салауатты өмір салтын насиҳаттау бағытында болды. Осыған орай кітапханада жасөспірімдер бұрышында қең қанатты «Салауатты өмір – заман талабы» атты ашық көрме үйымдастырылды.

Оқырмандар арасында жан-жақты насиҳат жұмыстары жүргізіліп, түрлі тақырыптық кештер, кітапханалық акциялар, денсаулық ойындары үйымдастырылып отырды.



### **2003-2005 жылы «Ауылды қолдау жылдары» болып жарияланды.**

Аудандық кітапхана 2003 жылы оқырман қауымға еліміздің саясатын, экономикасын, ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдаған бағдарламасын, еліміздің келешегі мен бүгінгісін танытуда, болып жатқан оқиғаларды халыққа хабардар қылуда және әдебиеттерді насиҳаттауда өз жұмыстарын мынадай негізде бағыттады:

-Оқырмандардың сұраныстарын қанағаттандыру үшін кітапхана қорларын толықтыру.

- Түрлі салалар бойынша және көркем әдебиеттерді насиҳаттай отырып оқырмандар арасында көпшілік шаралар өткізу.

-Елімізде жүргізіп отырған бағдарламаларды жүзеге асыра отырып кітапханалық қызмет көрсету.

-Ауылдық кітапхана қызметкерлеріне әдістемелік көмек көрсету.

-Оқырмандарға ақпараттық және анықтама- библиографиялық қызмет көрсету.

-2003 жыл ауыл жылы болып жариялануына орай кітапханада еліне жеріне сүйіспеншілікке, ата-баба кәсібін игеруге тәрбиелейтін мәдени көпшілік шаралар өткізу.

-Халықта кітапханалық қызмет көрсетудің маңыздылығын насиҳаттау, жарнамалау.

Осыған орай аудандық кітапханада жыл басында 2003-2005 жылдарына арналған бағдарлама жасалып, осы бағытта жұмыс жүргізілді. «Гүлденсе ауылым-гүлденеміз бәріміз» атты кең қолемді кітап көрмесі үйимдастырылып, «Ауылым - атамекенім» атты картотекасы жасақталып кітапханадағы мерзімді басылым беттерінен мақалалар жинақталды. Сонымен қатар кітапханада оқырмандар, жасөспірім арасында «Ауданым атамекенім» викториналық ойындар, «Ауыл береке бастауы» тақырыптық кеш, «Ер айнасы еңбегі» ауылшаруашылық мамандармен кездесу кештер, «Кең даланың дән дариясы» әдеби фольклорлық мейрамы оздырылды.

**2003 жылы** «Қазақстандағы Ресей жылы» болып жарияланғандықтан аудандық кітапханада осы бағытта түрлі мәдени шаралар үйимдастырылып, осы елді мекеннің адамдарының салт –дәстүрлеріне байланысты әдебиеттер насиҳатталып, сонымен қатар оқырмандар арасында түрлі әдеби шаралар үйимдастырылып отырды.

**2005 жылы** КР Президентінің Жолдауында ұсынғанындей, тарихқа саяси реформаларды белсенді түрде алға бастыру мен оларды бүкілхалықтық жылы болып жарияланды. Осыған орай аудандық кітапханада мекеме басшыларының, қоғамдық үйимдарымен бірігіп түрлі саяси бағытта дөңгелек үстелдер, пікір алмасу, тақырыптық кештер үйимдастырылып оздырылды.

### **2006 жылы.**

Қазақстанда Пушкин жылы, Ресейде Абай жылы болып жарияланды. Екі елдің, екі халықтың бүкіл адамзатқа ортақ поэзия алыптарына деген ықыласының нақты



көрінісі. Бұлай дейтініміз, алғаш Абай арқылы танысқан А.Пушкиннің шығармаларын бүгінде білмейтін қазақ жоқ десек, бұл артық айтқандық емес.

Екі елдің президентерінің сөздері: Н.Ә.Назарбаев «Өзінің жауһар жырымен әлемдік өркениеттің рухани айналысына түскен Пушкин шығармалары, өмірбаяны қазақ оқырмандарына етене таныс». В.В.Путин «Абай – екі халық мәдениетінің жақындастыруына қызмет еткен ұлы тұлға» . Аудандық кітапханада кең қанатты кітап көрмесі ұйымдастырылып



оқырмандарға екі тұлғаның шығармалары, мемуарлары, өлеңдері, өмірбаяндары шығарылып, жасөспірімдер, окушылар арасында «Қос ақынның қуанышы», «Орыс ақыны Абай елінде», «Пушкин және Абай» әдеби, поэзия, әдеби байқаулар өткізілді. Аудандық кітапхана өз жұмысының сипаты мен мазмұны жағынан үлкен өзгерістер жолына түсті.

Ақпараттық жұмыстарының жаңа тәсілдерін іздеу, кітапхана жұмысының жүйесін автоматтандыру мен жаңа ақпараттық технологияны енгізу бағытында кітапханаға «КАБИС» бағдарламасы сатып алынды. Бұл бағдарлама бір уақытта бірнеше параметр бойынша терең іздестіру жұмыстарын жүргізіп, ақпараттық, тақырыптық тізімдерді, жаңа әдебиеттер тізімін санаулы секундтарда шығарып алуға мүмкіндік берді. Бағдарламада автоматтандырылған жұмыс орны бар. Олар: «Администратор», «Ізденис тапсырыс», «Каталогизатор», Осы бағдарламаның арқасында аудандық кітапхананың оқырмандардың сұраныстарына санаулы минуттарда толыққанды жауап беруге болды.

**2007 жылы.** Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы аясында

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен осы жылдың 18-19 сәуір аралығында Астана қаласында «Оқитын қоғам-бәсекеге қабілетті елдің негізі» деген атпен Халықаралық Оку Конгресі етті. Конгресс барысында «Бір ел-бір кітап» атты маңызды акция жария



етілді. Бұл ақция 2007 жылдың 24-30 қыркүйек аралығында өткізілді. Бұкіл



ел болып оқып шығатын Абайдың «Қара сөздері» таңдалды. Акцияға байланысты аудандық кітапханада «Қара сөздер қайнары ұлағаттың» атты оқу шеңберінің байқауы өтті. Байқаудың мақсаты:

ұлгі тұтуын, сол арқылы ой өрістерін кеңейтуін қамтамасыз ету.

- Жалпы көркем әдебиетті насиҳаттауды жандандыру.

Байқауға барлық ауылдық кітапханаларының оқырмандары қатынасып жеңімпаздары белгіленіп аудандық кітапханада «Әлем ардақтаған Абай» алқалы жиын өткізіліп байқаудың қортындысы болды. Жиынға Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім, ақын, Республикалық «Шешендер сыйысының» жеңімпазы Тілес Жазықбай, Үздік әдебиетші-мұғалім, ақын, жұбантанушы Үзілдік Елеубай, Абай атындағы мектеп гимназияның әдебиетші ұстазы Қайыпқан Досқалиев қатысып өздерінің сөздерін айтып ой пікірлерімен бөлісіп жеңімпаздарды марапаттады.

«Абай мұрасы-асыл қазына» атты әдеби оқу, «Терең ойдың толғауы» атты пікір алмасу өткізіліп, оқырмандар Абайдың өлеңдерін нақышына келтіре оқыды, сонымен қатар «Біз Абайды білеміз бе?» деген тақырыпта сауалнама жүргізілді.

«Кітапханаларды модернизациялау. Кітапхана ісін дамыту» атты облыстық зерделі кеңес өткізіліп, орталық кітапхана жаңынан «Оқитын Қазақстан» бағдарламасы аясында «Құқықтық ақпарат орталығы» ашылды «Құқықтық ақпарат орталығы» бүгінгі таңда оқырман қауымға қызмет көрсетеді және оқырмандардың пайдалануына мол мүмкіндіктер жасаған бірден-бір орталық болып саналады. Бұл орталық құқықтық тәрбие берудегі және құқықтық сана – сезімді қалыптастыру, құқықтық білім беру және құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселелері, құқықтық мемлекет құрудың негізгі мақсаты болатын орталық, осы орталық арқылы аудандық



кітапханада оқырмандар интернет арқылы сұраныстарын қанағаттандырып жұмыстарын жүргізуде.

**2008 жылы.** Жастарды кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеуге, олардың



поэзияға деген қызығушылығын арттыру, талғамына, таңдауына сай әдебиеттерді ірктеуге көмек көрсетеу, оқуға деген ынта-  
ықыласын көтеру, оқуға деген көзқарасын өзгерту мақсатымен аудандық кітапханада «МУЗА» шығармашылық оқырмандар отауы ашылды.

Отаудың жетекшісі  
Қазақстан ақын жыршылар

одағының мүшесі, ақын, аудандық кітапхананың әдіскері С.Бисенғалиев.

**Мақсаты:** Елбасы Н.Назарбаев қолдаған «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру жолында жұмыстану. Жұмысқа ауыл кітапханашыларын тарта отырып, ел ішіндегі елеусіз, көріне алмай жүрген шығармашылықпен айналысатын жас оқырмандарды тауып, шығармаларына жол ашып, жария болуына жағдай жасау.


**Отаудың ұраны: «Ұлы мұра- ұлт мәйегі!»**

Поэзияның пір тұтатын  
дарынды жастардың басын  
қосқан бұл отау ашылғаннан  
бері оқырмандардың ыстық  
ықыласына бөленіп келеді.

Өлең сүйер оқырмандар отауда өздерін толғандыратын тақырыптарда пікір бөлісіп, жүректерін жарып шықкан жыр туындыларын

талқыға салады. Орайы келген іс сапарда ақын Қазақстан Жазушылар одағы БҚО –тық бөлімшесінің төрайымы А.Бақтыгереевамен отау мүшелері кездесу кешін өткізді. Сол кездесу кешінде Ақыштап Бақтыгереева отау мүшелерін қабылдап, мүшелік билет тапсырып, ақ тілегін айтып қолтаңба қалдырыды. (суретте) Сонымен қатар отау мүшелері тоқсан сайын өздерінің үнқағазын шыгарып ауылдық қітапханадарга таратып отырады. Жыл бойы

бірнеше әдеби кештер, «Балалар поэзиясы» апталығында отау мүшелерінің



шығармаларын талқылап, жаңа шығармаларымен танысты, сонымен қатар Астананың 10 жылдық мерейтойына «Жырлаймын Астанамды» поэзия кешін, Х.Есенжановтың 100 жылдығына «Ақ Жайықты жырлаған шалқар дарын» поэзия кешін,

Т.Жароковтың 100 жыл толуына «Жылдармен жыр жазысқан» поэзия кешін, «Бір өлең-бір өмір» талапкер оқырмандардың жыр мүшәйрасын дайындаپ өткізді, жылжымалы отырыстарын ауылдық кітапханаларға барып өткізді Мыс: Мерген ауыл кітапханасында өткен «Азаттық аңсаған «Алаш» тарихи танымдық кеш өткізілді. Репресия құрбаны, жерлесіміз Бақтығали Бисеновтың «Алаш» қозғалысына қатысын саралап, оқырмандарға таныстырыды.

ҚР Мәдениет және ақпарат Министрлігі, ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасы мен ҚР кітапханалық Ассоциясы Қазақстанда жыл сайын «Бір ел – бір кітап» атты Акция жарияланды. Акцияны ұйымдастыру комитеті биылғы жылы Акция аясында М.Әуезовтың «Қылыш заман» кітабын оқуды белгіледі. Акция 2008 жылдың 24-28 қыркүйек аралығында өткізілді.

Осыған орай аудандық кітапханада мекемелерде, мектепте, кітапханада хабарландыру жазылып, жадынамалар әзірленіп кітапханаға келген әр оқырманға үлестірілді. Кітапханаларда «Қылыш заман» -куанышты арналардың бірі көрме – диалог, «Кеменгер мұрасы мәңгі жасамақ» көрме – таныстық материалдары әзірленіп, оқырмандар назарына шығарылды. Сонымен қатар аудандық кітапханада «Әлем таныған М.Әуезов» атты ұсынылатын әдебиеттер тізімі дайындалып барлық ауылдық кітапханаларға үлестірілді. Аудандық кітапханада «Көркем сөз шебері», «Ақыл – ойдың кені» үзінділерді дауыстап оқу жұмыстары жүргізілуде. М.Әуезовтың «Қылыш заман» повесінен «Қырық суреттері» үзіндісін дауыстап оқу оқырмандар, оқушылар арасында өткізілді.

«Әуезов мұрасы- ұрпақ қазынасы» атты дөңгелек үстел, «Асыл сөз-асыл ойдан» - әдеби тренинг, әдеби кештер оздырылды.

Кітапхана- әлемдік деңгейдегі рухани, мәдени, тарихи, ғылыми құндылықтардың ордасын құрайтын қасиетті мекеме. Бұгінде кітапхана әлеуеті қайта жаңғырып, мәдениеттің іргелі тірегі ретінде өз бастауын қайта алғалы тұр.

XXI ғасырда кітапхананы ақпараттық мекеме ретінде қарай отырып, оның дамуын жаңа автоматтандырылған технологияларды пайдалануымен байланысты екенін көреміз. Кітапхана ісінде компьютерлік технологияларды кең ауқымда пайдалануы оқырмандар мен кітапхананың басқа пайдаланушыларының ақпаратқа деген сұранымын қанағаттандыруға негізделген.

### **Кітапханадағы басты бөлім - Әдістемелік- библиографиялық бөлім.**

Білікті, жанжақты әдістемелік жұмысты қамтамасыз ету кітапханадағы барлық ұжымның - әдістемелік орталықтың құшімен ғана жүзеге асады, бірақ негізгі жүктеуді, әрине арнайы мамандырылған әдістеме бөлімі орындаиды.



Әдістемелік жұмыстың нәтижелі болуы қызметкерлердің міндеттерін, мақсаты мен тапсырмаларын анық етіп бөлуге де байланысты.



Кітапханадағы әдістемелік бөлім ОҚЖ-га қарасты аудандық және ауылдық кітапханаларға әдістемелік көмек көрсететін орталық болып саналады. Қазіргі кезде кітапханашы маманына қойылатып отырған талап та ерекше. Білімділік пен ізденіс, кітапхана ісіне енгізіліп отырған жаңа технологияны меңгеру, эстетикалық талғамы бай, ойы зерек, қиялы жүйрік, кәсіби шебер маман даярлау ол әрина, әдістеме бөлімінің негізгі жұмысы болып табылады. Осы бағытта кәсіби кеңестер, семинарлар өткізу жылдан жылға жалғасып келеді. 2008 жылдан қызыметке жаңа орналасқан маманды пысықтау бағытында «Жас кітапханашы мектебі» қызымет істей бастады. Әр ауылдық округ кітапханашыларын жинастырып кәсіби бағыттағы пысықтау жұмыстарын «Кәсіби сабак» сияқты бастамаларды енгізіп отырмыз. Әдістемелік бөлім көмекші құралдар әзірлең, таратып отырумен қатар, мына бағытта қызымет етеді:

- Аудандығы кітапханалар жұмысын талдау;
- Мамандардың кәсіби деңгейін көтеріп, шығармашылық қабілетін арттыру, дамыту.

Биылғы яғни 2008 жылды кітапханашылар күні аясында аудан кітапханашылары әнұранын әдістемеші С.Бисенғалиев сөзін жазды.

### **Кітапханашылар Әнұраны.**

**«Кітап – білім бұлағы» – деп айтады Ел,**

**Жан – дүниең шөліркесе қайта кел.**

**Қанып ішсең қайнарынан білімнің ,**

**Заман көшін бастадым - деп айта бер!**

**Қайырмасы: Кітапхана – болашаққа жол басы,**

**Кітапхана – орман – ойдың ордасы.**

**Тектіліктің тұмасынан басталған,**

**Бағыты айқын ақыл - өзен арнасы.**

**Кітапхана қазыналы сарай кең,**

**Сол сарайды зор байлыққа балайды Ел.**

**Қасиетті қазынаны игерсөн,**

**Салиқалы сантамын деп санай бер!**

**Қайырмасы:**

**Оқырманға орда кілтін ашатын,**

**Саналарға сәулелі нұр шашатын,**

**Кіслікке қызмет етер қашан да,**

**Кітапханашыларымыз ЖАСАСЫН!**

**Қайырмасы:**

Қазіргі таңда кітапхана ісі заман талабына қарай күрделеніп, әр-бір қызмет аясында жаңа технологияға негізделген белестердің орын алуды, кітапханашы библиограф мамандығын жаңа бетбұрысқа қалыптасып келеді.

Кітапхананың оқырмандарға жаңсы, жылдам, толық қызмет көрсетуге



мүмкүндік беретін қазіргі кезеңдегі жаңа, сапалы орталыққа айналуына септігін тигізеді. Кітапхананың барлық мәліметтерге қосылуына орай мұнда ақпаратты бағдарламамен ауыстыруда, құжаттарды электронды түрде жеткізуде, жаңа технологияларды қамтамасыз етуде Интернет, электрондық пошта, телеконференция байланыстары жолға қойылған.

Кітапхана жұмысының нәтижелілігі оның библиографиялық іс-әрекеттерінің дұрыс жолға қойылуы бұл істің күн талабына сай үйимдастырылуына тікілей қатысты.

Әр дайым жаңа келіп түскен әдебиеттерге, арнайы ақпараттық бюллетендер шығарылады және ашық көрмелер үйимдастырып тұрады.

Кітапханаға келген оқырманның анықтама- библиографиялық ақпаратты пайдалануға толық мүмкіндігі бар. Оқырмандар дәстүрлі каталогтармен қатар электронды, картатеканы кеңінен қолдана алады.

Белім қызметкерлері өз жұмысының бағыты мен мазмұны жағынан, қазіргі кезеңдегі ғылым мен білімді ақпаратпен жедел қамтамасыз етіп отырудың талаптарына сәйкес қызмет етеді. Белімнің басты мақсаты- оқырман сұранысына толық жауап беру. Ауызша және жазбаша анықтамалар, өлкетану картотекасы, тақырыптық картотекалар, әр түрлі тақырыпта ұсыныс тізімдер жасап, библиографиялық шолулар өткізіп тұрады. Жаңа кітаптарды насиҳаттау барысында «Жаңа кітаптар» көрмесіне шолулар өткізіліп, жергілікті «Жайық таңы» газетіне мақалалар жариялады.

## Әдебиеттерді өңдеу және толықтыру бөлімі.

Әдебиеттерді толықтыру және өңдеу бөлімінің ең басты міндеті мен атқаратын қызметі- түрлі білім салаларын тұтас қамтитын басылымдар түрін жинақтау, яғни кітап қорын толықтыру. Белімнің дәстүрлі каталогтары мен картотекасы пайдаланушыларға қызмет көрсетіп, сонымен қатар, белім қызметкерлері келген кітаптарды аудан орталығы мен белімше кітапханаларына таратады.

Негізгі кітап қорын толықтыру көздері: кітап дүкендері, арнайы баспалар, мерзімді басылымға жазылу. 2006



жылғы қараша айынан бастап бөлім КАБИС бағдарламасы бойынша жұмыстануда. Әдебиеттерді жинақтау және өндөу, каталогтарды үйымдастыру бөлімі кітапханамыздың автоматтандырылған бөлімдерінің бірі. Бөлімде дәстүрлі каталогпен ( яғни карточкалық) бірге электрондық каталог катар жүргізіледі. Әдебиеттерді толықтыру бөлімін көп жылдан бері **Көбегенова Жұпар Дәuletкереікызы** басқарып келеді.

### **Бірыңғай кітап қорын үйымдастыру бөлімі.**



Кітап қорын пайдалану жүйесінде жүйе ішіндегі кітап алмастырудың көмегімен орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде оқырмандардың бірыңғай кітап қорын пайдалану мүмкіндігі іске асырылды. Біріңғай кітап қорын пайдалануды үйымдастыру бөліміне келіп түсken оқырмандар талаптары, осы бөлімнің қорымен немесе орталық кітапхананың басқа бөлімдерінің қорымен, ал оларда болмаған жағдайда, кітапхана-филиалдарының қоры арқылы қанағаттандырылады. 2005 жылдан бастап осы бөлімде зағип және нашар көретін оқырмандарға аудио кассеталар алынып, кітапханашы зағип және нашар көретін оқырмандарға өзі барып пікір алмасып, кассеттерді ауыстырып беріп тұрады.

### **Оқу залы.**



Оқу залының ең негізгі принципі - барлық оқырмандарға бірдей сапалы қызмет көрсету және жариялышың пен сұранысты қанағаттандырудың толық мүмкінділігі. Уақыт өткен сайын оқырмандар талап - тілегі өсіп отырады, сол сияқты оған сәйкес кітап қоры да өзінің мазмұны мен сапасы жағынан өсіп келеді. Оқу залы барлық оқырмандарға,

мұғалім, тәрбиешілерге, қызметкерлерге, студенттерге бағытталған. Оқу залында оқулықтар, анықтама баспалары, газет - журнал мерзімді басылымдары бар. Бүгінгі оқу залында білімнің барлық саласы бойынша кітап қоры жинақталған. Оқырмандарға жаңа түсken әдебиеттерді таныстыру мақсатында «Жаңа кітаптар» атты кітап көрмесі үйымдастырылып, сонымен қатар, оқу залында мерейтойлы құндерге байланысты мәдени шаралар өткізіліп тұрады.



Оқу залында энциклопедиялар, анықтамалықтар және сирек кездесетін бағалы кітаптар жинақталған. Оқырмандарға қызмет көрсете -жоғары дәрежелі маман кітапханашылардың көмегімен іске асырылады. Кітапхана ұжымы алдағы уақытта да кітап қорын одан әрі толықтыруға, оқырмандарды, әсіресе, қазақ жастарын осы шаңыраққа көбірек тарту, олардың сұранысын қанағаттандыру бар күш-жігерін, шеберлігін сала бермек.

## Абонемент бөлімі.



Оқырманның окуга деген сұранысы қанағаттандырылып, әрі қарай оқуына жетекшілік ететін- кітапханашы. Кітапханашы белгілі бір жүйесіз, мақсатсыз оқытын оқырманға ықпал ету арқылы, белгілі бір білім саласы бойынша оқуына көмектесіп, ой-өрісінің дамуына әсер етеді.

Абонемент бөлімінің оқырмандарының құрамы әр түрлі. Олар: студенттер, зейнеткерлер, мұғалімдер, оқушылар және түрлі саладағы қызметкерлер. Бұгінгі таңда 2555-ден астам оқырмандар абонемент бөлімінің қызметін пайдаланады, кітап берілімінің саны күн санап өсude. Ауыл тұрғындары мен оқушылар кітапхананың абонемент бөлімінен кітап алғып, оқи алады. Оқырмандар үшін кітапхана кітап алатын орын ғана емес, олар мұнда жеке тұлға ретінде танылып, өздерінің білімімен және өмірлік тәжірибелерімен де бөлісіп жатады.

Қазіргі заман талабына сай оқырман сұранысын қанағаттандыруда тәжірибесі мол кітапханашы



### Жұбанғалиева Қаламқас Тілегенқызы.

кітапханадағы кітап қорын оқырмандар арасында кеңінен насиҳаттап, әртүрлі қызықты тақырыптық кештер, тренинг-ойындар. Танымдық кештер, оқырмандар конференциясын үйімдастыруда.

Сан ғасырлар бойы адамзатты білім нәрімен сузынданып келген рухани қазына ордасы – кітапхана оқырмандарына жаңа дәуірдегі жаңа дәстүрде қызмет етіп, өздерінің жұмыс процестеріне жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен ендіруде.

## Кітапхананың тұрақты оқырмандары.

Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл, терен білуге.  
Артық білім кітапта,  
Ерінбей оқып көруге.  
Ұлы Абай.

Кітап – рухани үрдістің кепілі, ел мен елді, мемлекет пен мемлекетті жақындастыратын маңызды фактор. Кітапқа қызығушылықты арттыру білімге қызықтыру, ата тарих пен ұлттық сананы қалыптастыру болмақ. Кітапхананың маңызды рөлі бірлестіру арқылы, жинақталған кітап қоры арқылы оқырмандарға әсер ету. Жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыру, жетілдіру, дамыту арқылы қоғамда адамгершілік қасиеті мол, жоғары мәдениетті құндылықтарды қадірлейтін адамды қалыптастыру болып табылады. Ұлттың рухани сауаттылығы кітап оқуға тікелей байланысты. Кітап оқитын адамдар белгілі бір мәселе төнірегінде тез шешім қабылдауға бейім, есте сақтаған деңгейі, шығармашылық қабілеті жоғары, сөздік қоры бай, ойын еркін жеткізе алатындығымен ерекшеленетін оқырмандар біздің кітапханамызда да бар.



**Стрельцов А.А.** Чапаев ауыларынан тұрғыны 1930 –шы жылдарда аудандық кітапхананың тұрақты оқырманы болған. ( зейнеткер кітапханашылардың айтуы бойынша).

**Найденов Василий Александрович** – Ұлы Отан соғысының ардагері. 1938 жылдан аудандық кітапхананың оқырманы. Әрдайым кітапхананың шараларына қатысып, оқырмандармен кездесіп, өзінің сүйікті жазушылары, оқыған кітаптары туралы айтып отырады. Василий Александрович классиктердің шығармаларын, түрлі мемуарларды, көркем әдебиеттерді, соғыс туралы деректерді оқиды.

**Ермекова Қаламсия** - 1952 жылдан кітапхана оқырманы. Ұлы Отан соғысының ардагері, ең көп оқитын оқырман. Кітапханада өткен Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған «Ұлы ерлік- ұрпақта ұран», «Мың тағым – сізге ардагер» атты т.б патриоттық бағыттағы барлық шараға қатысып, болашақ ұрпақта тәрбие беруге атсалысып жүр. Өзінің денсаулығы нашарласада, кітапханадан қол үзген жоқ, өзінің барлық отбасы мүшелерін қатынастырып, кітап алдырып оқиды. «Отбасылық параптас» тіркелген. Көркем әдебиет, саясат, тарих, Елбасының барлық еңбектерін түгелдей оқып шыққан.

**Абдолов Құсайын** – зейнеткер, еңбек ардагері, 1961 жылдан бері кітапхана оқырманы. Кітапханада өткен барлық көвшілік шаралардың белсененді мүшесі. Жеңіс мерекесі, Конституция күні, Тәуелсіздік күні, Республика күніне арналған шараларға әрдайым қатысып отырады.

1985 жылдың «Ұздік оқырманы» жылына 95 дана кітап оқып, оның ішінде көркем әдебиет, тарих, саясат салаларыныңда әдебиеттер қамтиды.

**Қордабаев Сағынгерей** – 1977 жылдан бері кітапхана оқырманы қазақ жазушыларымен қатар, шетел әдебиеттерін де оқиды. Сағынгерей ағайдың барлық отбасы мүшелері де кітапхана оқырмандары «Жанұялық оқырман» паралына тіркелген.

**Сүлейменова Қабен** – 1992 жылдан бергі кітапханаға ұзбей қатынасып тұратын оқырман. Кітапханада 8 наурыз, 22 наурыз мейрамдарына арналған көвшілік шараларға қатынасып, жасөспірімдерге үлгі боларлық ақыл айтып отыратын ардақты ана. Ол көбіне қазақ жазушыларының ауыл өмірін суреттейтін көркем әдебиеттерді оқиды.



2004 жылдың «Ұздік оқырманы», **Е.Мендіғалиев** ССРО Журналистер одағының мүшесі, «Облыс ақыны» атағының иегері, Еңбек ардагері, 2000 жылы «Жылдар мен жолдар» атты естелік кітабы жарық көрді. Кітапхананың 1990 жылдан бері байырғы оқырманы. Кітапхананың барлық мәдени шараларының белсененді мүшесі. Әдебиеттерді тек қазақ тілінде ғана емес, орыс тілінде де оқиды. Сонымен қатар көркем әдебиеттер, мерзімді басылымдар, қазақ халқының тарихына байланысты кітаптарды ұзбей алғып жылына 116 кітап алғып оқыды.



2005 жылдың «Ұздік оқырманы» **Жиесова Шұға М.Әуезов** атындағы қазақ орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі. 1996 жылдан бері аудандық кітапхананың тұрақты оқырманы. Кітапхананың қорындағы қазақ ақын жазушыларының шығармаларын, тарих, саяси, денсаулық

саласы бойынша кітаптарды алып жылына 86 кітап алып оқыды.

Кітап- сарқылмас рухани қазына дей келе «2006 жылдың үздік оқырманы» алдыңғы жылдардан ерекше өткізілді. Кітапхананың қоры жаңа, қызықты әдебиеттерге толып, кітапхананың оқырманы көбейді, сондықтан аудандық кітапханада өткен «Менің оқыған кітаптарым» атты үздік оқырман бенефисы бірнеше аталымдар бойынша белгіленді. Олар:



**Мұхтар Мәлік** - орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме директоры.

Аудандық кітапхананың 2000 жылдан бері тұрақты оқырманы көбіне қазақ жазушыларының шығармаларын, тарихи кітаптарды оқып тұрады. Жылына 105 кітап оқып, 2006 жылы «Көп оқытын басшы» аталымы бойынша үздік оқырманы болды.

**Мұшагалиева Альмира Оразқызы** – аудандық білім беру бөлімінің бастығының орынбасары . Аудандық кітапхананың 2000 жылдан бері оқырманы . Көбіне орыс тілінде классиктердің шығармаларын, махаббат жайлары жазылған романдарды алып, жылына 99 кітап оқып,

2006 жылы «Махаббат ханшайымы» аталымы бойынша үздік оқырманы болды.

**Сәрсеков Алдаберген** – М.Әуезов атындағы орта білім беретін мектептің тарих пәнінің мұғалімі. 1997 жылдан аудандық кітапхананың тұрақты оқырманы ,аудан тарихын зерттеуіне байланысты тарихи кітаптарды, жазушылардың тарихи зерттеулеріне зейін қойып жылына 112 кітап оқып, 2006 жылы «Білгір тарихшы» аталымы бойынша үздік оқырманы болды.

**Мәлік Берді Әлі** – ақын, Абай атындағы мектеп-гимназия директорының орынбасары, қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі.

**Бердалиева Жанар** – аудандық білім беру бөлімінің әдіскери.

**Тұрсын Мәдина** – 2008 жылдан Ақтөбе қаласындағы мединститутының студенті.

Аудандық кітапханаға 2000 жылдан үзбей қатысып, кітап қорындағы қазақ жазушылары мен ақындарының өлеңдерін , роман , повестерін оқиды.

Жылына отбасымен 352 кітап оқып, 2006 жылы «Оқырман отбасы» аталымы бойынша үздік оқырмандары болды.

Кітап көпті көрген көнекөз ақсақалдай тағылымы көп, тәрбиесі мол ақылшың да сырласың. Аудандық кітапхананың 2007 жылғы үздік оқырмандары жастарға салт – дәстүрімізді үйретіп, ұлттық қасиетімізді ұлағаттап аталық ақыл – кеңестерін беріп отырады. Олар кітапхана қызметкерлерімен тығыз байланыста.




**Жонисов Орынбасар** - аудандық кітапхананың 1998 жылдан бері тұрақты оқырманы. Отбасындағы немере-жиендеріне тәрбие беру бағытындағы салт-дәстүрді насиҳаттайтын әдебиеттерді алады. Сонымен қатар қазақ ақын жазушыларының шығармаларында оқиды. Орынбасар ағай бір жылда 101 кітап оқып, 2007 жылдың «Көп оқитын зейнеткер» аталымы бойынша кітапхананың үздік оқырманы болып танылды..


**Жантасова Айпатша** – аудандық аурухананың дәрігері. 1996 жылдан бері аудандық кітапхананың тұрақты оқырмандарының бірі. Қазақ, орыс тіліндегі әдебиеттерді, сонымен қатар медицина саласындағы кітаптарды үнемі алғып оқиды. Жылына 98 кітап оқып, 2007 жылдың «Көп оқитын дәрігер» аталымы бойынша үздік оқырманы болып танылды.

**Утепова Дағыға** – кәсіпкер. Аудандық кітапхананың 1998 жылдан бергі тұрақты оқырманы. Орыс тіліндегі көркем әдебиеттерді, заң ғылымдарына байланысты, өнер туралы кітаптарды алғып оқиды, жылына 89 кітап оқып,

2007 жылдың «Көп оқитын кәсіпкер» аталымы бойынша үздік оқырманы болып танылды.



*Аудандық кітапхананың 1985-2007 жылдар аралығындағы оқырмандар, кітап қорының орташа есеппен алынған көрсеткіштері*



*Аудандық кітапхананың 2004-2008 жылдар аралығында мерзімді басылым көрсеткіштері*